

Қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында тұру мерзімдері мен қағидаларын, сондай-ақ қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 331-ө-м бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 05 тамызда № 8600 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңының 24-бабы 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында тұру мерзімдері мен қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында тұру мерзімдері мен қағидаларын, сондай-ақ оралмандарға және олардың отбасыларына бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 4 қарашадағы № 582 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7323 болып тіркелген, 2011 жылғы 10 желтоқсанда № 398-399 "Казахстанская правда" газетінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті (А.А. Сарбасов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Е.Қ. Егембердіге жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2013 жылғы 22 шілдедегі
№ 331-ө-м бұйрығына
1-қосымша

Қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында тұру мерзімдері мен қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы және қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында тұру мерзімдері мен қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңының 24-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленді және қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында тұру мерзімдерін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жолдама – қандас мен оның отбасы мүшелеріне Орталыққа орналасу үшін халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы орган беретін құжат;

2) Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығы (бұдан әрі – Орталық) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын және қандастарға, олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсетуге және олардың уақытша тұруына арналған заңды тұлға;

3) өтініш иесі – Орталыққа орналасу мақсатында халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы органға өтініш беретін қандас және оның отбасы мүшелері.

2-тарау. Өтініш беру

3. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы орган беретін жолдама қандастың және оның отбасы мүшелерінің Орталыққа орналасуына негіз болып табылады.

Жолдама тек өзіне және өтініште көрсетілген кәмелеттік жастағы отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының ықтияр хатын алуға тапсырылған өтініші туралы ішкі істер органының талоның тапсырған жағдайда ғана беріледі.

4. Жолдама осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініштің негізінде беріледі.

5. Өтініш осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орталыққа жіберілетін қандастар мен олардың отбасы мүшелерін тіркеу журналына тіркеледі.

6. Халықтың көші-қоны саласындағы уәкілетті орган өтінішті берген күні қарауы тиіс.

7. Бос төсек-орындар болмаған жағдайда өтініш білдіруші халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы органдар құратын резервке журналға тіркелетін өтініш беру кезектілігі тәртібімен қабылданады.

8. Орталықта төсек-орын босаған жағдайда халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы орган өтініш иесіне (өтініш иелеріне) Орталыққа орналастыру үшін кезектілік тәртібімен жолдама береді.

9. Жолдама алған кезде қандас және оның отбасы мүшелері Орталыққа күнтізбелік үш күн ішінде орналасады.

Көрсетілген мерзімді сақтамаған жағдайда өтініш білдіруші қоныстандырылмайды, бұл ретте оның Орталыққа орналасуға қайтадан өтініш беру мүмкіндігі сақталады.

3-тарау. Қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің Орталықта тұру тәртібі мен мерзімдері

10. Орталықта тұратын қандастар мен олардың отбасы мүшелері:

1) өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Орталықтың тұрғын үйін және қосалқы үй-жайларын, төсек - орнын пайдаланады;

2) Орталыққа орналасу және болу мәселелері бойынша Орталық басшылығына арыздар, қолдаухаттар және өзге де өтініштер береді;

3) ішкі тәртіппен танысады, оларды сақтайды;

4) бейімдеу және кіріктіру қызметтерін пайдаланады.

11. Орталық:

Қандастар мен олардың отбасы мүшелерін төсек-орын қажеттіліктерімен және оларды уақтылы ауыстыруды қамтамасыз етеді;

қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және кіріктіру қызметтерін көрсетеді.

12. Орталыққа қандастар мен олардың отбасы мүшелерінен басқа адамдарды орналастыруға тыйым салынады.

13. Қандастар және олардың отбасы мүшелері осы қағидалардың талаптарын бұзған жағдайда, Орталық жолдама берген халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы органға өтініш берушілердің Орталықта болуын тоқтату туралы өтініш береді.

14. Халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы орган өтініш білдірушілердің Орталықта болуын мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыныстың негізділігіне тексеру жүргізеді және бір жұмыс күні ішінде оларды Орталықта қалдыру немесе Орталықтан шығару туралы шешім шығарады.

Шешім қандасның отбасына немесе отбасының жекелеген мүшесіне қатысты шығарылады.

15. Өтініш иелерінің Орталықта тұруы қандас мәртебесі аяқталғанға дейін жүзеге асырылады, бірақ орналасқан күнінен бастап алты айдан көп емес.

16. Халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы органның құжатталған шешімі орталықтан шығаруға негіз болып табылады.

17. Қандастар мен олардың отбасы мүшелері оларға ұсынылған үй-жайды олардың Орталықта болу мерзімі аяқталған соң күнтізбелік үш күннен кешіктірмей босатады.

Қандастар мен олардың отбасы
мүшелерінің Қандастарды
бейімдеу және ықпалдастыру
орталығында тұру мерзімдері
мен қағидаларына
1-қосымша
Нысан

ЖОЛДАМА

Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру Орталықтарында тұру үшін жолданады (Үміткердің тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты, туған күні)

Отбасы мүшелері:

1. _____

(Тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты, туған күні, туыстық дәрежесі)

2. _____

(Тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты, туыстық дәрежесі)

3. _____

(Тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты, туыстық дәрежесі)

4. _____

(Тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты, туған күні, туыстық дәрежесі)

5. _____

(Тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты, туған күні, туыстық дәрежесі)

6. _____

(Тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты, туған күні, туыстық дәрежесі)

Халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы органның басшысы _____

(берілген күні)

Қандастар мен олардың отбасы
мүшелерінің Қандастарды
бейімдеу және ықпалдастыру
орталығында тұру мерзімдері
мен қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Басшыға

(Халықтың көші-қоны саласындағы
жергілікті атқарушы органның атауы)

(үміткердің тегі, аты және болған
жағдайда әкесінің аты)

Өтініш

Сізден мені және саны " ____ " адамнан тұратын менің отбасы мүшелерімді
Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығына орналастыруыңызды және
бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсетуіңізді сұраймын.

(Күні) (Қолы)

Қандастар мен олардың отбасы
мүшелерінің Қандастарды
бейімдеу және ықпалдастыру
орталығында тұру мерзімдері
мен қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру Орталығына жолданатын қандастар мен олардың отбасы мүшелерін тіркеу ЖУРНАЛЫ

№ р/с	Өтініш иесінің тегі, аты және болған жағдайда күні әкесінің аты	Туған жері және	Шыққан елі	Өтінішті тіркеген күн және нөмірі	Жолдаманың нөмірі және берілген күні
-------	--	-----------------	------------	---	--

Басталды _____

Аяқталды _____

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2013 жылғы 22 шілдедегі

Қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.05.2024 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бейімдеу және ықпалдастыру қызметтері – қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне қоғамға бейімдеу және ықпалдастыру мақсатында көрсетілетін қызметтер (ақпараттық, заңдық, әлеуметтік, медициналық және білім беру) кешені;

2) бейнеконференц-байланыс – өзара қашық бірнеше абоненттің нақты уақыт режимінде аудио- және бейнеақпарат алмасу мүмкіндігі беріліп, интерактивтік өзара іс-қимыл жасауы үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пайдаланылатын көрсетілетін байланыс қызметі;

3) еңбек мобильділігі орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын әзірлеу және іске асыру мақсатында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

4) қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері;

5) "Қандас" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "Қандас" ААЖ) – этникалық қазақтар мен қандастар үшін мемлекеттік қызмет көрсету процесін автоматтандыруға арналған әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі құрамындағы жүйе;

6) қандастарды бейімдеу және интеграциялау орталығы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын және қандастарға, олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсетуге және уақытша тұруға арналған заңды тұлға;

7) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының

Әлеуметтік кодексіне сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қандастардың немесе қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

8) мансап орталығы – еңбек мобильділігі орталығының функцияларын аудандарда, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда, астанада орындауды жүзеге асыратын филиалы;

9) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі – бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі;

10) уақытша орналастыру орталығы – этникалық қазақтар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің уақытша тұруына арналған тұрғынжай;

11) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган – облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағыттарды айқындайтын жергілікті атқарушы органы;

12) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы басшылықты, көші-қон процестерін реттеуді, халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

13) "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы – Әлеуметтік кодекске сәйкес жұмыс іздеуді және персоналды іріктеуге жәрдемдесуді, жұмыспен қамту саласында электрондық және проактивті форматта қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін, жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерге арналған жұмыспен қамтудың бірыңғай цифрлық платформасын білдіретін ақпараттандыру объектісі;

14) этникалық қазақ – ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам.

2-тарау. Қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету тәртібі

3. Қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтері:

1) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32880 болып тіркелді) бекітілген Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларында көрсетілген шығу өңірлерінің мансаптық орталықтарының қызметкерлері қандастарға және олардың отбасы мүшелеріне көрсететін алдын ала бейімдеу қызметтерін;

2) қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бос орындар жәрмеңкелерінде жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді;

3) қандас пен олардың отбасы мүшелерінің қоныстану өңіріне алдын ала баруын;

4) қандас пен олардың отбасы мүшелерінің қоныстану өңіріне көшуін қамтиды.

4. Мансап орталықтарының қызметкерлері қандастарға және олардың отбасы мүшелеріне осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес қызметтерді жүзеге асырады, сондай-ақ:

1) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыруға;

2) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 365 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33380 болып тіркелген) бекітілген Жұмыспен қамтудың жеке картасын жүргізу қағидаларына сәйкес жұмыспен қамтудың жеке картасын жүргізуге;

3) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, көмір сатып алу, пешпен жылыту шараларын іске асыру мәселелері бойынша аудандар, ауылдық округтер әкімдерімен өзара іс-қимыл бойынша;

4) жұмыс берушілерде бос жұмыс орындарының (бос лауазымдардың, мамандықтардың) болуы туралы есепке алуды жүргізуге;

5) қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары бойынша қызметтер көрсету мәселелері бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;

6) қандастар мен олардың отбасы мүшелері алған мониторингті, цифрлық форматта бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін жүзеге асыруға;

7) ерікті қоныс аударуға қатысушылармен жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті қоныс аударуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарт жобасын дайындауға және оны жасасу үшін еңбек мобильділігі орталығына жіберуге;

8) қандастар мен олардың отбасы мүшелері үшін көрсетілген бейімдеу және ықпалдастыру қызметтер бойынша қажетті ақпарат пен есептілікті белгіленген тәртіпке сәйкес еңбек мобильділігі орталығына ұсынуға жәрдемдеседі.

1-параграф. Қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне алдын ала бейімдеу қызметтері

5. Қандас тұрғылықты жері бойынша шығу өңірінің мансап орталығына жүгінген кезде мансап орталығының қызметкері қоныстандыру өңірлеріне қоныс аудару шарттары бойынша, қажетті құжаттар туралы ақпарат береді және мыналар бойынша бастапқы консультацияны жүзеге асырады:

1) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу;

2) өңірдің ерекшелігін ескере отырып, тұру үшін жоспарланатын қоныстану өңірлерін таңдау;

3) уақытша орналастыру орталықтарында бастапқы орналастыру, сондай-ақ өңірлік квотаға енгізілгенге және тұрғын үй іріктелгенге дейін бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін алу;

4) материалдық көмек төлемдеріне және Қағидаларда көзделген тәртіппен экономикалық мобильділігі сертификатын алу;

5) Қағидаларға сәйкес жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті қоныс аударуға жәрдемдесу жөнінде мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарт жасасу туралы;

6) тұрғылықты жерінен қоныстану өңіріне, оның ішінде авто, теміржол және авиакөлікпен көшу;

7) мынадай бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін алу:

қандас отбасының тұрғылықты жері бойынша тіркеу;

әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою;

балаларды мектепке тіркеу;

балаларды мектепке дейінгі мекемеге тіркеу;

медициналық қызмет көрсету үшін отбасын емханаға тіркеу;

8) жұмысқа орналасуға, сондай-ақ қажет болған жағдайда кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға жәрдемдесу;

9) тілдерді, тарихты, мәдениет пен дәстүрлерді, Қазақстан Республикасы заңнамасының негіздерін оқыту;

10) оқу курстарын өз бетінше оқу үшін әдістемелік құралмен қамтамасыз ету;

11) Қазақстан Республикасының азаматтығын алу.

6. Шығу өңірінің мансап орталығының қызметкері қандастан осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоныстандыру өңірінде қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін алуға жәрдемдесу туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) мынадай құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып қабылдайды:

1) жеке басты куәландыратын құжат (жұбайы/зайыбы/кәмелетке толған және бірге тұратын балалар);

2) неке қию туралы куәлік;

3) білімі туралы құжат (жұбайы/зайыбы);

4) балалардың туу туралы куәлігі (кәмелетке толмаған балалар, бар болса).

Құжаттарды қабылдайтын мансап орталықтың қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерге (бұдан әрі – АЖ) сұрау салулар қалыптастырады:

"Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы АЖ-да – өтініш берушінің жеке басын куәландыратын және тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттар бойынша;

"АХАЖ" АЖ-да (азаматтық хал актілерінің жазбалары) – баланың (балалардың) туу туралы куәлігі немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (2007 жылғы 13 тамыздан кейін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген тіркеулер бойынша), неке қию туралы куәлік бойынша (1 маусымнан кейін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген тіркеулер бойынша) балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 мамырдан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша);

"Е-қамқоршылық" АЖ-да – қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы құжаттар бойынша;

"Жоғарғы Сот" АЖ-да – баланы (балаларды) асырап алу туралы сот шешімі бойынша.

Өтініш берушілерден ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

7. Шығу өңірінің мансап орталығының қызметкері қандас пен оның отбасы мүшелерінің жеке сәйкестендіру нөмірін енгізе отырып және барлық міндетті жолдарды толтыра отырып қандастың өтінішін ақпараттық "migration.enbek.kz" порталында (бұдан әрі – Портал) тіркейді.

8. Шығу өңірінің мансап орталығының қызметкері бір жұмыс күні ішінде барлық толтырылған деректерді қайта тексереді, оларды толтырудың дұрыстығына куәландырады және электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен электрондық өтінішке қол қояды және шығу өңірінің еңбек мобильділігі орталығының басшысының қарауына жібереді.

9. Еңбек мобильділігі орталығының басшысы бір жұмыс күні ішінде "Отбасының цифрлық картасы" ақпараттық жүйесі арқылы толтырылған сауалнама деректерін, оның ішінде өтініш берушінің басқа жақын отбасы мүшелерінің (ата-аналарының, балаларының) болуын және/немесе болмауын тексереді және ескертулер болмаған жағдайда оған электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен қол қояды және оны шығу өңірінің халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға қарауға жібереді.

Ескертулер болған жағдайда шығу өңірінің еңбек мобильділігі орталығының басшысы өтінішті шығу өңірінің мансап орталығының қызметкеріне пысықтауға жібереді.

10. Шығу өңірінің халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органның басшылығы бір жұмыс күні ішінде өтінішті тексереді және ескертулер болмаған жағдайда оған электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен қол қояды және қоныстандыру өңірінің халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органның қарауына жібереді.

11. Портал арқылы келіп түскен өтінішті жергілікті атқарушы органның халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі басшылығы қарайды және қызметкердің қарауына жолданады.

12. Жергілікті атқарушы органның халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі қызметкері өтінішті өңдеу барысында:

- 1) қандасқа, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне деректердің толтыруын;
- 2) осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес сканерленген құжаттардың болуын;
- 3) дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімнің болуын тексереді.

Қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізген мансап орталықтарының, еңбек мобильділігі орталықтарының, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз олардың таралуына жол бермеу талаптарын сақтау арқылы олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

13. Қоныстандыру өңірінің халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органының қызметкері ескертулер болмаған кезде бір жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен өтінішке қол қояды және қоныстандыру өңірінің еңбек мобильділігі орталығына қарауға жібереді.

Ескерту болған кезде жергілікті атқарушы органның халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі қызметкері бір жұмыс күні ішінде өтінішті пысықтауға кері жібереді.

14. Қоныстандыру өңірінің еңбек мобильділігі орталығының қызметкері үш жұмыс күні ішінде өтінішті Портал арқылы қарайды және қандаспен қолжетімді байланыс құралдары арқылы байланысады.

15. Қоныстандыру өңірінің еңбек мобильділігі орталығының қызметкері өз әрекеттерін мобильді қосымшада:

- 1) электрондық өтінішті алғанын растау;
- 2) қоныс аудару шарттары бойынша өтініш берушіге кеңес беру мақсатында көрсетеді.

16. Еңбек мобильділігі орталығының қызметкері қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне қоныстандыру өңірінде жұмысқа орналасу үшін қолда бар бос жұмыс орындарын ұсына отырып, белсенді жұмыспен қамту шараларына қатысуға жәрдемдеседі.

17. Ұсынылған бос жұмыс орындарына қандас тарапынан қызығушылық танытылған кезде еңбек мобильділігі орталығының қызметкері бір жұмыс күні ішінде:

- 1) қоныстандыру өңірінің таңдалған елді мекеніне жүру маршрутын қалыптастыра отырып, көшу жөніндегі шарттарды;
- 2) көшу күнін;
- 3) көшуге арналған көлік түрін (авто, теміржол, авиакөлік);

4) Порталға ақпаратты бір мезгілде енгізе отырып, келетін отбасы мүшелерінің санын анықтайды және жұмысқа қабылдау және бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін ұсыну үшін мансап орталығының қызметкеріне орындауға өтініш жібереді.

18. Егер мансап орталығы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 214 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32850 болып тіркелген) жұмыс іздеп жүрген адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидаларының 23-тармағында көрсетілген кезең өткеннен кейін жұмыс қандастарға лайықты жұмыс таба алмаса немесе қандас ұсынылған жұмыстан бас тартса, онда мансап орталығының маманы бір жұмыс күні ішінде еңбек мобильділігі орталығына мансап орталығының директоры немесе оны алмастыратын адам қол қойған қандасты жұмыссыз ретінде тіркеу туралы шешімнің жобасын "Еңбек нарығы" ААЖ арқылы электрондық түрде жібереді.

19. Мансап орталығының қызметкері Портал бойынша өтінішті өңдеуге қабылдайды және қолжетімді байланыс құралдары бойынша бір жұмыс күні ішінде қандаспен бейімдеу және интеграциялау жөніндегі жеке жоспардың жобасын қалыптастырады.

2-параграф. Қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бос орындар жәрмеңкелерінде жұмысқа орналасуға жәрдемдесу

20. Өңіраралық қоныс аударуды ұйымдастыру мақсатында шығу және қабылдау өңірлерінің еңбек мобильділігі орталығы шығу өңірлерінде бос орындар жәрмеңкелерін ұйымдастыру, қандастарды қабылдаудың белгіленген квотасы, еңбек нарығындағы ахуал, жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс туралы ақпарат беру, әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету шарттары және қабылдау өңірлеріне танысу сапарларын ұйымдастыру арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

21. Еңбек мобильділігі орталығы бос жұмыс орындарының жәрмеңкелерін өткізу мақсатында жұмыс берушілер Электрондық еңбек биржасында орналастыратын ағымдағы бос жұмыс орындарының есебін және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ұлттық жобалары мен даму жоспарлары, сондай-ақ жеке сектордың бастамалары шеңберінде іске асырылатын жобаларда құрылатын жұмыс орындарының мониторингін жүргізеді.

22. Қандастар мен олардың отбасы мүшелері:

бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізу кестесіне сәйкес онлайн режимде бейнеконференцбайланыс (көшпелі іс-шараларға балама) арқылы;

офлайн режимде, жұмыс іздеушілердің, жұмыс берушілердің және жергілікті атқарушы органдардың қоныстандыру өңірінің халқын әлеуметтік қорғау және

жұмыспен қамту мәселелері бойынша қатысуымен шығу өңірлерінде өткізілетін бос жұмыс орындары жәрмеңкелеріне қатысады

23. Бос жұмыс орындары жәрмеңкелерінде қандастардастарға жұмысқа орналасу шарттары, бос жұмыс орындарына үміткерлерге қойылатын талаптар (қысқаша сипаттама, еңбек жағдайлары, жалақы) бойынша консультация беріледі.

24. Шығу өңірінің мансап орталығының қызметкері қоныстандыру өңірлері өкілдерінің қатысуымен бос орындар жәрмеңкелерінде бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсетуге қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің тізімін қалыптастырады.

Шығу өңірінің мансап орталығы қалыптастырған қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің арасынан үміткерлердің тізімі жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін қоныстандыру аймағының мансап орталығының қызметкеріне жіберіледі.

3-параграф. Қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің қоныстану өңіріне алдын ала баруы

25. Қандас қоныстану өңіріне алдын ала бару үшін қоныстандыру мансап орталығының қызметкеріне оның өңірге келген күні туралы хабарлайды.

26. Қоныстану өңіріне алдын ала бару кезеңіне келгеннен кейін қандас уақытша орналастыру орталығында немесе бейімдеу және ықпалдастыру орталығында орналастырылады.

27. Мансап орталығы қызметкерінің сүйемелдеуімен таңдалған (тұруға жоспарланған) елді мекенге барады және мыналармен:

- 1) жоспарланған қоныстану орнымен;
- 2) жұмыс беруші немесе жұмыс берушінің өкілімен (кадр қызметі), мектеппен, мектепке дейінгі мекемесімен;
- 3) болжамды тұрғылықты жерімен (шағын аудан, көше);
- 4) өңірдің ерекшелігімен танысады.

28. Қоныстандыру өңірімен танысу қорытындысы бойынша мансап орталығының қызметкері бір жұмыс күні ішінде қандаспен келісім бойынша бейімдеу мен ықпалдастырудың жеке жоспарын қалыптастырады.

29. Бір жұмыс күні ішінде қандас қоныстандыру өңіріне көшу бойынша түпкілікті және оң шешім қабылданған кезде:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20 "Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13334 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес өңірлік квотаға енгізу туралы жазбаша өтініш береді;

- 2) көшу күнін, көлік түрін (авто, теміржол, авиакөлік) растайды;

3) таңдалған жұмыс орнын растайды және жұмыс берушімен еңбек шартын жасасады;

4) қоныстандыру өңірінде тұрғын үй таңдау үшін мансап орталығының қызметкеріне өтінім береді.

4-параграф. Қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің қоныстану өңіріне көшуі

30. Қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің кездесуі келісілген көлік түріне сәйкес әуежай немесе авто -, теміржол вокзалдары арқылы жүзеге асырылады.

31. Мансап орталығының қызметкері қандасты және олардың отбасы мүшелерін қоныстану өңірінде таңдалған уақытша тұрғын үйге орналастырады және келген жері бойынша тұрақты тіркеуді ресімдейді.

Қандаста қызметтік немесе жеке тұрғын үй болмаған кезде қоныстандыру өңірінде қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарында, уақытша орналастыру орталықтарында "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес бір жылдан аспайтын мерзімге уақытша тіркеу жүргізіледі.

32. Қоныстандыру өңірінің Мансап орталығы қызметкері осы Қағидаларға 1-қосымшаға сай Тізбеге сәйкес бейімдеу және ықпалдастыру жоспарын жасайды.

33. Бейімдеу және ықпалдастыру жоспарында тиісті мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген сәттен бастап қызметтер көрсету мерзімдері көзделеді.

Бейімдеу және ықпалдастыру жөніндегі іс-шаралар қандастар мен оның отбасының әрбір мүшесі бойынша жеке өткізіледі.

34. Қандаспен келісілгеннен кейін бейімдеу және ықпалдастыру жөніндегі жоспар "Қандас" ААЖ ақпараттық жүйелеріне және мобильді қосымшаға оны келіскеннен және қабылдау аймағының еңбек мобильділігі орталығы бекіткеннен кейін бір жұмыс күні ішінде жүктеледі.

35. Оларды іске асыру және орындау фактісі бойынша бейімдеу және ықпалдастыру жоспары жөніндегі іс-шараларды міндетті түрде "Қандас" ААЖ ақпараттық жүйелеріндегі мансап орталығының қызметкері "Бейімдеу және ықпалдастыру бойынша атқарылған жұмыс туралы есеп" бөлімдерінде толтырады.

36. Бейімдеу және ықпалдастыру жоспары бойынша орындалған іс-шараларға тиісті растайтын құжаттармен жасалған жұмыс туралы фото және бейне фиксациялар, сондай-ақ мобильді қосымшаға жүктелетін геолокация (орналасқан жері) қоса беріледі.

37. Бейімдеу және ықпалдастыру бойынша орындалған қызметтерді мансап орталығының қызметкері фото және бейнетіркеу арқылы растайды, олар мобильді қосымшаның "Бейімдеу және ықпалдастыру бойынша атқарылған жұмыс туралы есеп" бөліміне жүктеледі және "Қандас" ААЖ ақпараттық жүйелерінде және отбасының цифрлық картасында көрсетіледі.

38. Қандастарға және олардың ауылдық елді мекендерге қоныс аударған отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету және ауылдық округ әкімі мен Мансап орталығы арасында ақпарат алмасу мақсатында қандастарға және олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету жөніндегі жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы) бекітіледі.

Жол картасы үш данада бекітіледі және аудан, ауылдық округ әкіміне және мансап орталығына беріледі.

39. Қоныстандыру өңірінің мансап орталығының қызметкері дайындаған қандастың бейімдеу және ықпалдастыру жоспарының іс-шаралары бойынша орындалған жұмыстар туралы ақпарат халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

40. Әлеуметтік ортаға сапалы бейімдеу мен ықпалдастыруды қамтамасыз ету және қоныстану өңіріндегі қоғамдық қатынастардың толыққанды қатысушылары болу мақсатында қандастың жергілікті қоғамдастығына, сондай-ақ оның отбасы мүшелеріне бейімдеу жөніндегі шаралар Отбасының цифрлық картасы және мобильді қосымша арқылы бес жыл ішінде жүзеге асырылады.

3-тарау. Қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсетуді мониторингтеу

41. Осы Қағидаларда көзделген бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерінің тиімділігін айқындау мақсатында олардың іске асырылуына мониторинг жүзеге асырылады.

42. Мониторинг:

1) қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету кезінде проблемаларды уақтылы анықтауды;

2) қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар дайындауды;

3) бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін алған қандастар және олардың отбасы мүшелері туралы ақпарат жинағын;

4) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары өкілдерінің және еңбек мобильділігі орталығының қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің мансап орталығы көрсеткен бейімдеу және ықпалдастыру қызметтердің сапасын айқындау мақсатында елді мекенге шығуын қамтиды.

43. Қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету бойынша мониторинг цифрлық форматта, тоқсан сайынғы алғашқы

үш жылда, ал келесі төртінші және бесінші жылдары жартыжылдық негізде жүзеге асырылады.

44. Мониторинг "Қандас" ААЖ, отбасының цифрлық картасы және мобильді қосымша арқылы, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен "Қандас" ААЖ-ға расталған фактілер бойынша жүзеге асырылады.

45. Қоныстандыру өңіріне келген қандастардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің тұрақты тұруын есепке алу жөніндегі мониторинг Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1095 "Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13004 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес "Көші-қон полициясы" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

46. Өз бетінше ішкі көшіп-қонған жағдайларында мемлекеттік қолдау қаражатын қайтару Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32880 болып тіркелген) бекітілген Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдарды ерікті түрде көшіру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4-тарау. Бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету сапасын бағалау

47. Қандастарға және олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсетудің тиімділігін бағалауды "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ЕРДО) тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

48. Бағалау мынадай өлшемшарттар бойынша жүргізіледі:

1) өзектілік. Осы өлшемшарт шеңберінде бейімдеу және ықпалдастыру жөніндегі жеке жоспарлардағы тапсырмаларды орындаудың сәйкестігі бағаланады;

2) тиімділік. Осы өлшемшарт шеңберінде бейімдеу және ықпалдастыру жөніндегі жеке жоспарларда белгіленген тапсырмаларды орындау сапасының сәйкестігі бағаланады;

3) әлеуметтік әсер. Осы өлшемшарт шеңберінде қандастар мен оның отбасы мүшелерінің қанағаттану деңгейі, бейімделу және ықпалдастыру қызметтерін алу процесі, бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсетуге өтініш білдірген қандастардың қоныстану өңірлерінен шығуы бағаланады;

49. Әрбір өлшемшарт бойынша 1 (бір) балдан 5 (бес) балға дейін қойылады.

Тиімділікті бағалау қандастар мен оның отбасы мүшелеріне мынадай көрсеткіштер бойынша бейімделу және интеграциялық қызметтер көрсетудің табыстылығы туралы жалпы қорытындыны айқындаумен аяқталады:

0-ден10-ға дейін – төмен және (немесе) қызметтер қанағаттанарлықсыз көрсетілген;
 10-нан 15-ке дейін – орташа және (немесе) қызметтер қанағаттанарлық көрсетілген;
 15-тен 25-ке дейін – жоғары және (немесе) қызметтер сәтті көрсетілді.

50. ЕРДО бағалауды жүргізу қорытындылары бойынша халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға бағалау нәтижелері туралы қорытындыны электрондық форматта, тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың жиырма бесінші күнінен кешіктірмей ұсынады, онда мыналар:

1) бейімдеу және ықпалдастыру қызметтер көрсету сапасын бағалау туралы қорытынды есеп;

2) бейімдеу және ықпалдастыру қызметтер көрсету сапасын бағалау қорытындылары бойынша бұрын деректерді іске асыру нәтижелері ұсынымдар;

3) бағаланатын еңбек мобильділігі орталықтары мен мансаптық орталықтар қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі қорытындылар мен ұсынымдар қамтылады.

51. Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға жіберетін бағалау нәтижелері туралы қорытынды еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарына тиісті шаралар қабылдау үшін бір ай мерзімде қаралады.

Қандастар мен олардың отбасы
 мүшелеріне бейімдеу және
 ықпалдастыру қызметтерін
 көрсету қағидаларына
 1-қосымша

Қандастардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету тізбесі

№	Қызметтердің атауы
1.	Қандасты, оның отбасын "Мобильді азаматтар базасында" тіркеу
2.	Қандасты, оның отбасын "Отбасының цифрлық картасына" тіркеу
3.	Құжаттарды жинау және экономикалық мобильділік сертификатын алуға жәрдемдесу
4.	Тұрғын үй сатып алуға және/немесе салуға экономикалық мобильділік сертификаты бойынша қаражат алу үшін қоныстандыру аймағында тұрғын үй іздеу, іріктеу
5.	Жер учаскесін беруге жәрдемдесу
6.	Электрондық цифрлық қолтаңбаны алуға жәрдемдесу
7.	Тұрғылықты жері бойынша тіркеуге жәрдемдесу
8.	Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою бойынша қызметтер көрсетуге жәрдемдесу

9.	Бастауыш негізгі, орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына тіркелуге жәрдемдесу
10.	Балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға тіркеуге және қабылдауға жәрдемдесу
11.	Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркеу
12.	Мемлекеттік қолдау шараларын алу
13.	Қандас отбасына қысқа дайындық бойынша қызмет көрсету (көмір сатып алу)
14.	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қызметтер көрсетуге жәрдемдесу
15.	Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу
16.	"Еңбек нарығы" ақпараттық жүйесінде тіркеу
17.	Жұмыссыздарды тіркеу
18.	Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдама беру
19.	Құқықтық көмек көрсету (консультациялар және құжаттарды беруге, еңбек келісімін жасасуға көмек)
20.	Тілдерді, тарихты, мәдениет пен дәстүрлерді, Қазақстан Республикасы заңнамасының негіздерін оқыту курстарына бекіту
21.	Түрлі мәдени іс-шараларға қатысу (театрлар, кино, концерттер)
22.	Қандастарға арналған оқыту курстарын өз бетінше оқу үшін әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету
23.	Азаматтық алу және құжаттарды дайындау мәселелеріне жәрдемдесу
24.	Құқық белгілейтін құжаттарды қазақ тіліне аудару бойынша қызметтерді алуға жәрдемдесу
25.	Ақпараттық және анықтамалық қызметтерді ұсыну

Қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Қоныстандыру өңірінде қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімделу және ықпалдастыру қызметтер алуға жәрдемдесу туралы өтініш

Маған және менің отбасымның мүшелеріне (бар болса) қоныстандыру өңірінде бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін алуға жәрдемдесуі сұраймын.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын отбасы мүшелері:

1) жұбайы (зайыбы) _____

2) өтініш беруші мен жұбайының (зайыбының) ата-аналары _____

;

3) балалар (оның ішінде асырап алынғандар) және олардың отбасы мүшелері _____

;

4) некеде тұрмайтын ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-әпкелер _____.

"Дербес деректер туралы" Заңның 8-бабына сәйкес бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін

20__ жылғы " __ " _____ (өтініш берушінің қолы)

Өтініш қабылданды: _____

(Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

20__ жыл " __ " _____

(құжаттарды қабылдаған адамның қолы)

Қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Бейімдеу және ықпалдастыру жоспарының іс-шаралары бойынша орындалған жұмыстар туралы ақпарат

№	Қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің жеке сәйкестендіру нөмірі	Қандасты, оның отбасын "Мобильді азаматтар базасында" тіркеу	Қандасты, оның отбасын "Отбасының цифрлық картасына" тіркеу	Құжаттарды жинау және экономикалық мобильділік сертификатын алуға жәрдемдесу	Тұрғын үй сатып алуға және/немесе салуға экономикалық мобильділік сертификаты бойынша қаражат алу үшін қоныстандыру өңірінде тұрғын үй іздеу, іріктеу	Жер учаскесін беруге жәрдемдесу
1	2	3	4	5	6	7

Кестенің жалғасы

Электрондық цифрлық	Тұрғылықты жері бойынша тіркеуге жәрдемдесу	Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою бойынша	Бастауыш негізгі, орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына	Балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға	Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін
---------------------	---	--	--	--------------------------------------	---

колтаңбаны ал уға жәрдемдесу		қызметтер көрсетуге жәрдемдесу	тіркелуге жәрдемдесу	тіркеуге және қабылдауға жәрдемдесу	медициналық ұйымға тіркелу
8	9	10	11	12	13

Кестенің жалғасы

Мемлекеттік колдау шараларын алу	Қандас отбасына қысқа дайындық бойынша қызмет көрсету (көмір сатып алу)	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қызметтер көрсетуге жәрдемдесу	Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу	"Еңбек нарығы" ақпараттық жүйесінде тіркеу	Жұмыссыздард ы тіркеу
14	15	16	17	18	19

Кестенің жалғасы

Жұмыспен камтуға жәрдемдесу дің белсенді шараларына қатысуға жолдама беру	Құқықтық көмек көрсету (консультациялар және құжаттарды беруге, еңбек келісімін жасасуға көмек)	Қазақстан Республикасының тілдерін, тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, заңнама негіздерін оқыту курстарына бекіту	Түрлі мәдени іс-шараларға қатысу (театрлар, кино, концерттер)	Қандастарға арналған оқыту курстарын өз бетінше оқу үшін әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету	Азаматтық алу және құжаттарды дайындау мәселелерін е жәрдемдесу	Құқық белгілейтін құжаттарды қазақ тіліне аудару бойынша қызметтерді алуға жәрдемдесу	Ақпараттық және анықтамалық қызметтерді ұсыну
20	21	22	23	24	25	26	27